

С. К. Қасымова

Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Габдуллина атындағы Азаматтық қорғаныс академиясы, Көкшетау, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘСКЕРИ АФОРИЗМДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Аталған мақалада арнайы әскери жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудағы әскери афоризмдерді қолданудың әдістері мен ерекшеліктері туралы баяндалады. Оқыту теориясының даму принциптері, оның ішінде қазақ тілі әдістемесінің методологиялық негіздері қоғам өмірімен тығыз байланысты. Біздің қоғамымыз ілгері дамыған сайын, оқыту процестерінің де мазмұны жаңарып, әдістері жетілдіріліп келеді. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп — мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік — оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады. Болашақ офицерлер бойында ұлттық тәрбие мен болмысын қалыптастырудың қайнар көзі әлбетте әр дәуірдің ұлы ғұламаларының ұлағатты ұлы, қанатты, нақыл сөздеріне яғни әскери афоризмдерге көз жүгірту деп білеміз.

Түйінді сөздер: мемлекеттік тіл, оқыту, әдіс, мамандық, әскери адам, тұлға, білім, шығармашылық.

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Оқыту теориясының даму принциптері, оның ішінде қазақ тілі әдістемесінің методологиялық негіздері қоғам өмірімен тығыз байланысты. Біздің қоғамымыз ілгері дамыған сайын, оқыту процестерінің де мазмұны жаңарып, әдістері жетілдіріліп келеді. Оқыту процесінде кездесетін себептілікті, байланыстылықты, бір-біріне тәуелділікті, даму жолдарын нақты

ажырату үшін таным заңдылықтарын жете білудің маңызы зор. Әрбір пәннің оқыту әдістемесі белгілі бір ғылымға негізделеді. Мысалы, әдебиетті оқыту әдебиеттану ғылымына, тарихты оқыту тарих ғылымына, ал қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл біліміне тығыз байланысты қарастырылады. Тілде дамымай, өзгеріске ұшырамай, бір қалыпта қалып қоятын мәңгілік ешнәрсе жоқ, бәрі де өзгереді, дамиды. Осы ретте арнайы әскери жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқытып үйретуде болашақ маман-офицерлерді ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет және тәрбиенің дінгегін босатпай, тілімізді шұбарламай, тектілікпен, бар игі мұрамызды негізге ала отырып, өткендердің өнегелі өсиетін, даналардың дарынын дәріптеп отыратын, батырға айбат, батылға қайрат бітірген, қайсар қазақ елінің еншісінде гауһар – жаққұттай боп төгілген қасиетті тіліміздің құдіретін кешегі батыр аталарымыздың ұлағатты сөз маржандары арқылы жеткізсек нұр үстіне нұр болары хақ. Сонымен бірге ол - курсанттардың шығармашылық қарымын машықтаумен қатар, сол әдебиеттен, афоризмдерден өзіне, өзінің қоғамдық жұмысына рухани азық табады, біліміне білім қосады, тіл байлығын молайтады.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми — зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп — мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік — оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Ал ұлттық әскери тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол әрине өз кезегінде «ұрпақтар қамы» деген ұғыммен келеді. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел зерделеп, меңгеріп, оны ары қарай ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, санамызда саралап сіңіру қажет. Сондай-ақ, заман талабына сәйкес егеменді еліміздің желбіреген көк байрағын бар әлемге паш етуде ұлттық тәрбие негізі басты қағидаға айналу керектігі әрине сөзсіз. Осы ретте болашақ офицерлер бойында ұлттық тәрбие мен болмысын қалыптастырудың қайнар көзі әлбетте әр дәуірдің ұлы ғұламаларының ұлағатты ұлы, қанатты, нақыл сөздеріне яғни әскери афоризмдерге көз жүгірту деп білеміз. Осындай үлгіде жалпы кез-келген курсант, жас офицер болсын өзінің күнделікті өмірінде қара қылды қақ жарған билер мен қазылардың атадан балаға мирас болған тәлімін, ұлы ғұламалардың жүрегінен шыққан аталы сөздерді шағын қойын кітапшасына түртіп алып, қызметінде пайдаланып отыруды, өмірлік тәжірибе негізінде «Шағын афоризмдер қорын» жинақтауды әдетке айналдырса әлбетте нұр үстіне нұр болары анық.

Ежелгі уақыттан бері аз сөзбен мағынасы терең ойды білдіріп, айқын пікірін бейнелеп, тапқырлықпен сипаттау үшін афоризмдерді қолданған. Афоризмдер – халық даналығын, тіл байлығын көрсетеді. Ол жай ғана айтыла салған сөз емес. «Елдің белгілі ұғымын білдіретін, жалпы дүниеге көзқарасын сездіріп, өткенді қалай түсінуін көрсететін сөздің барлығы да бір-ақ адамға тиісті емес, ол көптің өнері, жалпақ елдің сыбағасына тиетін өнер туындысы», - дейтін Мұхтар Әуезов [1]. Қазіргі кезде жиі қолданылып отырған технологиялардың бірі – курсанттардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Яғни оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту – педагогикалық технология. Аталған технология әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Л. Джинни, С. Мередит, Ч. Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, С. Выготский теорияларын басшылыққа алады. Аталған технология болашақ маман иелерінің белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеуге, қызығушылықтарын оятып, мағынаны тану яғни шыңдалған ойлауға ықпал етеді [2]. Осы бағдарламаға сәйкес біз арнайы әскери жоғары орнындағы орыс тілді аудиторияда мемлекеттік тілді меңгерту барысында көбінесе әскери афоризмдерді ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер етуді жүзеге асыратын «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген әдістерді (стратегияларды) қолданамыз. Сонымен бірге курсанттар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алу үшін, бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта» т.б. сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Мәселен, Венн диаграммасына сәйкес бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, курсанттар қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. Осы ретте әскери жоғары оқу орындарының курсанттарының тілдік құзіреттілігін дамыту мен тәрбиелеуде кеңес заманындағы әр түрлі соғыстардың батырлары Аманкелді Иманов, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов және тағы басқа ұлы тұлғалардың ерен ерлік іс-қимылдары көрініс тапқан өлең-жыр, дастандары яғни әскери бағыттағы афоризмдері бірден-бір құрал болатыны анық. Өйткені, аталған ұлағатты сөздер халқымыздың атадан балаға ғасырлар бойы мұра болып жалғасып келе жатқан ерлік рухымен байланысты туындаған тәрбиенің дәстүрлі үлгі-өнегелік жемісі. Сонымен бірге әскери тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттің, қоғамның бағытты, жоспарлы жұмысы болуы тиіс. Қоғамдық және басқа да құрылымдар қарулы күштер лауазымды адамдарды, ұлттық әскери ұлан тұлғасын өсіріп, оның қалыптасуы заманға сай бекітілген әскери талаптарға сәйкес болуын қадағалау болып табылады. Жас әскери қызметкердің тілдік құзіреттілігі мен тәрбиесі Қазақстан Республикасының Ата заңы негізінде, Қазақстан Республикасы заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің үкімі, ҚР Үкіметінің жарлығы, Қорғаныс министрлігінің нормативті құқықтық актілері және ҚР Қарулы Күштерін тәрбиелеу тұжырымдамасы арқылы іске асуымен

қатар патриотизмге және егеменді еліміздің халқына, ұлтына деген қарым-қатынас, жалпыадами байлық, отандық және дүниежүзілік мәдениеттің үлгілерінде негізделген. Сондай-ақ, әскери мамандарды тәрбиелеу барлық құрылымдық қарулы күштердегі лауазымды тұлғалардың басым бағыты болып табылады. Мәселен, еліміздің тарихынан орын алған, дәрежелі, кейінгіге қалдырған өсиеті, өнері бар ірі тұлғалардың бірі қазақ еліне қалтықсыз еңбек еткен – Кеңестер Одағының Батыры, жазушы-ғалым, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, халық әдебиетінің білгірі, әскери мемуарист, профессор Мәлік Ғабдуллин. Батыр бабамыздың есімі біздің жоғары оқу орнына берілуіне байланысты біз көп реттерде сабақ барысында ол кісінің нақыл, қанатты сөздерін жан-жақты талқылап, талдай келе, өз ойларын ойға салуды, жаттап алуға машықтандыруды әдетке айналдырған жайымыз бар. Бұл ретте жоғарыда аталған «Венн диаграммасы» стратегиясын жиі қолданамыз.

Осы стратегия арқылы салыстыруда анықтағанымыз, батыр ғалымның еңбектерінен қазіргі қолданыста жүрген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығына сәйкес Әскери қызметші қандай болуы қажет яғни қойылатын талаптарға сай нақыл сөздерін келтіруге болады [3]. Мәселен: 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ жалпы әскери жарғылардың талаптарын қатаң сақтауға; 2) белгіленген тәртіппен әскери ант қабылдауға, оған адал болуға, өз халқына шексіз қызмет етуге, Қазақстан Республикасын батыл, шебер қорғауға, әскери борышын өткеруге, әскери қызметтің қиындықтарын табандылықпен көтеруге [3] деген пунктіне ғалым: 1.Тәртіп – армияның күш-қуатын нығайта беретін құралының бірі. 2.Тәрбие дегеніміз баланың үстіне кигізе қоятын дайын киім емес. 3. Кейінгі жас ұрпақты қоғамдық іске еңбекке, қызмет етуге, жігерлі болуға үйрету мақсатымен адам баласының қоғамдық өмірінде, тарихында, тұрмыс тіршілігінде қалыптасқан өмір тәжірибесін, мінез-құлық пен дағдыны тәрбие дейміз десе, ал Жарғының келесі 3) өз Отанының патриоты болуға, өзінің іс-қимылымен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттің мүдделерін қорғауға, әскери қызметшілер арасындағы достықты нығайтуға [3] деген пунктіне: 1. Жауынгер жолдасың үшін жан аяма, өзің өлімге бар, бірақ жолдасыңды өлімнен сақтап қал! 2. Жеңіс кілті –достықта. 3. Біз достық – ынтымағы жарасқан елдің адамдарымыз. Біздің елдегі ұлы табыстардың зор мақтанышпен айтатындай қайнар кезінің бірі осы достықта [4]. 4. Досқа достық ету керек. Ол үшін өлсең де арманың жоқ. Өлсең сен үшін кек алатын да - жақсы жолдастарың дей келе әскери ортадағы жалпы қоғамдағы адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті – ол достықта екенін сонымен бірге ол - өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі, нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдесетінін нақтылайды. Келесі, 4) адал, тәртіпті, ержүрек болуға, әскери борышын өткеру кезінде дұрыс бастама танытуға [3] деген пункті бойынша: 1. Ер ерлігі – ел ерлігі. 2. Сөз жоқ, ерлік пен батырлық адам баласына өздігінен бітетін қасиет емес. Ол адамдардың ұлтына қарамайды. Ондай қасиет Отанын, халқын сүйген, оларға барлық ар-ұятымен беріле қызмет етуді мақсат еткен, сол үшін саналы түрде күрескен, айтарлықтай нәтижеге

жеткен адамға ғана тән. 3. Отанын, халқын шын сүйген адам ғана батырлық, ерлік істер жасай алады. 4. Меніңше, дүниедегі ең қымбат, ең асыл, ең қымбат бір ғана нәрсе бар. Ол – өзіңнің халқың, ел-жұртың, туып – өскен отаның. т.б. Аталған Жарғының 5) командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарын дәлме-дәл және мерзімінде орындауға, оларға мүлтіксіз бағынуға және оларды ұрыста қорғауға, әскери бөлімнің Жауынгерлік Туын сақтауға; 6) әскери кәсіби білімін ұдайы меңгеруге, өз машығы мен әскери шеберлігін жетілдіруге; 7) оған сеніп тапсырылған қаруды, қару-жарақ пен әскери техниканы білуге және қолдана алуға, оның сақталуын және дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз етуге, әскери мүлік пен басқа да материалдық құралдарды күтіп-ұстауға [3] пунктiне сәйкес, 1. Кісіні сыйлап үйренбеген, соған дағдыланбаған адам басқаның сый-құрметін көрмейді, мұндай адам өзін-өзі сыйламайтындардың қатарына қосылады [5]. 2. Өзін-өзі құрметтегісі келген адам алдымен басқаны құрметтеп, сыйлай білетін болуы керек. 3. Өзіне құрмет көрсетіп, ілтипаттықпен сәлем берген баланы үлкендердің қайсысы болса да зор мақтаныш етеді, сүйіспеншілік ықыласын білдіреді. 4. Қоғамдық ортада үлкендерді сыйлағыш болып тәрбиеленген бала, сөз жоқ әдепті бала деп танылады. 5. Үлкендерді сыйлау, қайырымды болу – әдептіліктің ғана белгісі емес, ол мәдениеттіліктің де белгісі деп қаралуы керек [6].

Себебі мемлекет және мемлекет іргесін қалайтын жастардың ой-санасы барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Яғни әскери тәрбие – патриотизмді адам бойына сіңіруде үлкен үлес қосатын сала. Әрі қарай енді жарғының 12) Қарулы Күштердің әскери бөлімдері мен бөлімшелері, халықаралық шарттарға сәйкес бірлескен (коалициялық) қарулы күштер құрамында қарулы жанжалдарға қатысуға [3] байланысты тілші Мәлік Ғабдуллин: 1. Соғыс дегеніміз – белгілі бір сарынмен жүріп отыратын нәрсе емес, ол әр алуан жағдайлы болады. Осы жағдайларды басынан кешіруші – жауынгер. 2. Жастарға үлгі болатын фактілерді Ұлы Отан соғысы жылдарынан және күнделікті өмірден алып отыру керек. 3. Бейнет көрмеген берекесіздік жасайды. 4. Ел намысы – ер намысы [7]. 5. Жеңілген жау есінен айырылады. 6. Қорықпаған батыр болады. 7. Қырағылық та ерлік десе 13) дене шынықтырумен айналысуға, уәкілетті органдардың басшылары бекітетін дене дайындығы жөніндегі нормативтердің талаптарын сақтауға және орындауға міндетті. Әскери қызметші Қазақстан Республикасының қорғаушысы деген жоғары атаққа лайық болуға, Қарулы Күштердің және өз әскери бөлімінің жауынгерлік даңқын, өзінің әскери атағын құрметтеуге тиіс; 14) Әскери қызметші мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтар достығын қастерлеуге міндетті. Әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастарында олардың ұлттық сана-сезім, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері құрметтелуге тиіс және 15) Әскери қызметшілер бір-бірінің құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, командирлер (бастықтар) мен үлкендерге реттілік пен тәртіпті ұстауда жәрдемдесуге міндетті [3] деген талаптарды 1) Дүниедегі ең қымбатты, ең асыл нәрсе – халық, соны қорғаушылық, одан артық ешнәрсе жоқ. 2) Атағын шығарған балаға халқы разы. 3) Бала «халқым» десе, сүйгендігін айтады. Халқы разы болса, тапқан ананың да қуанышы. Сондықтан да балаға тапқан анадан да халық тәрбиесі, әсері күшті болмақ керек. 5) Мен батырмын, мықтымын, өнерлімін, білімдімін дейтін адам, өзін-өзі тарих таразысына салушы адам – халық баласы емес. Ол – қара басының қамын ойлаушы, топас адам. 6) Сенің кім екеніңе сыншы – халық. 7) Бір кісінің сыны халық тілегіне

сай келмесе, сын емес. 8) Халық сыны – қадырлы сын. 9) Адам баласы үшін дүниедегі ең қымбат нәрсенің бірі – достық, жолдастық. 10) Достық, жолдастық дегендер адамның тіліне, ұлтына байланысты емес. Ол адамның адамгершілігіне, санасына байланысты [4]. Яғни өздеріңіз көріп отырғандай бір ғана батыр бабамыздың даналық сөздерінен біз болашақ офицерлерге жоғарыда айтылған әдістемелік әдіс-тәсілдерді қолданып тапсырмалар беру арқылы тілді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттырумен қатар, қолданыстағы Жарғының барлық баптарын тереңнен зерделеуге және есте сақтауға ықпал жасаймыз. Сонымен бірге олардың шығармашылық деңгейін қалыптастыру мен арттыруда эссе стратегиясы бойынша өз ойынан әр түрлі пікірлер құрастырып, оны дәлелдеуге машықтандыруға тырысамыз. Нәтижесінде білім алушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін табады, жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды), өзіндік қортындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды, білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз және білім дәрежесі деңгейін саралау (өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады), бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі қалыптасуымен қатар эссе жазу кезінде әскери афоризмдерді талдауда ғажайып ойлар пайда болады, сондай-ақ өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.

Қорыта келе қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, сөз өнерінің барлық саласында жемісті еңбек еткен жан-жақты дарын иесі болып табылатын Ж. Аймауытов бабамыз «Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр» [8] дегеніндей еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастарды тәрбиелеуде кеменгер ойшыл бабаларымызбен ғұлама-ғалымдардың шығармаларындағы ел мен жер, Отанды сүю, ар - ождан, намысты қорғау, ғылым, білімді халық игілігіне жұмсау секілді ұлттық рухтың өзекті мәселелеріне ерекше мән берген аталы сөздерімен және XV-XVIII ғ.ғ. өмір сүрген Асан қайғы, Жиенбет, Шалкиіз, Бұқар, Дулат сияқты жыраулардың өздерінің өлең-жыр, толғауларымен елдік пен ерлікті, әділдік пен адалдықты, сақилық пен серілікті жалықпай насихаттаған мәнерлі сөз өрімдері мен Доспамбет, Ақтамберді, Махамбет сынды әрі батыр, әрі ақын-жыраулар «Ел намысы – ер намысы» деп қарап, дұшпанға өткір тілді өлеңін де, алмас қылышын да жұмсай білген сөз маржандарын пайдалануға болады. Себебі, жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екенін дәлелдеумен қатар қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар болып табылатынын және олардың білім алу, мамандық таңдау, рухани ұстанымдарын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу секілді әлеуметтік кезеңдерден өтуі – өмір заңдылығы екенін пайымдайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.
2. Марденова А. Қазақ әдебиеті сабағында сын тұрғысынан ойлауға және жазуға үйрету: Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы ж. – 2018. – № 5. – 144 б.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 364 Жарлығы.

4. Ғабдуллин М. еңбектерінің он бір томдық жинағы. – Алматы, 2018. IX том: Майдан әңгімелері және бейбіт заман естеліктері, публицистикалық еңбектер. – 360 б.

5. Негимов С.Н. Батырлардың түйғыны, ғалымдардың жүйрігі [Кенес Одағының Батыры, жазушы, ғалым М. Ғабдуллин туралы] // Қаз. әдеб. – 1995. – 4 қараша. – № 29.

6. Шәріпханов С.Д., Қасымова С.К. Ұлыдан ұлағат – ұрпаққа аманат // КТИ Хабаршысы. - 2020. - №2 (38). - Б. 70-76.

7. Қасымова С. К. Атадан қалған ұлы сөздер // «Ғалым Мәлік Ғабдуллин және жаңа қазақстандық патриотизм» атты II Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның мақалалар мен баяндамалар жинағы. – Көкшетау: Мир печати, 2019. - Б. 107-111.

8. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Шеберлік шеберханасы. – Алматы: «Фолиант», 2004. – Бесінші кіт. – 224 б.

References

1. Өuezov M. Әdebiet tarihy. – Almaty, 1991. – 240 b.

2. Mardenova A. Қазақ әdebieti sabaғында syn тұғғыsynan ojлауға zhәне zhazуға үjretu: Қазақ tili men әdebieti. – Almaty zh. – 2018. – № 5. – 144 b.

3. Қазақстан Respublikasy Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы Қазақстан Respublikasy Prezidentiniң 2007 zhылғы 5 shildedegi N 364 ZHarлығы.

4. Ғabdullin M. еңбектерінің он bir томдық zhинағы. – Almaty, 2018. IX том: Majdan әңgimeleri zhәне bejbit zaman estelikteri, publicistikalық еңбектер. – 360 b.

5. Negimov S.N. Batyrlardıң түjғыny, ғalымдардың zhүйrigi [Кенес Одағының Батыры, zhazushy, ғalым M. Ғabdullin туралы] // Қаз. әdeb. – 1995. – 4 қараша. – № 29.

6. SHәriphanov S.D., Qasymova S.K. Ұlydan ұлағат – ұрпаққа аманат // КТИ Хабаршысы. - 2020. - № 2 (38). - B. 70-76.

7. Qasymova S. K. Atadan қалған ұly сөздер // «Ғalым Mәlik Ғabdullin zhәне zhаңа қазақстандық patriotizm» atty II Respublikalық ғылыми-теориялық konferenciyanың мақалалар мен bayandamalar zhinaғы. – Kөkshetau: Mir pechaty, 2019. - B. 107-111.

8. Ergöbek Q. Arystar men aғыstar. Sheberlik sheberhanasy. – Almaty: «Foliant», 2004. – Besinshi kit. – 224 b.

С. К. Касымова

*Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина
МЧС Республики Казахстан, Кокшетау, Казахстан*

МЕТОДЫ И ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ВОЕННЫХ АФОРИЗМОВ В ПРЕПОДАВАНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В данной статье рассказывается о методах и особенностях применения военных афоризмов при обучении казахскому языку в специальных военных вузах. Принципы развития теории обучения, в том числе методологические основы методики казахского языка, тесно связаны с жизнью общества. По мере продвижения нашего общества обновляется содержание и совершенствуются методы и процессы обучения. Поэтому в зависимости от способностей каждого учащегося должен быть сделан большой поворот к овладению обновленной педагогической технологией, осуществляющей обучение, воспитание его самостоятельности, любознательности, творчества. Ведь организация учебного процесса на

уровне государственного образовательного стандарта обязывает внедрять новые педагогические технологии. Образование делится на общее, профессиональное, техническое, специальное. А профессия - это выбор профессии, овладение профессией. Чтобы получить образование и стать владельцем бизнеса, нужен бизнес. Деловая - происходит от обучения, знаний, профессии, опыта, поиска, самостоятельной работы, деятельности, умений. Чтобы быть предприимчивым, необходимо овладеть действием. Действие состоит из действия, операции, движения. После выполнения всего процесса появляется индикатор результата. Источником формирования национального воспитания и самосознания у будущих офицеров, безусловно, является взгляд на великие, крылатые, пословицы великих мудрецов разных эпох, то есть на военные афоризмы.

Ключевые слова: государственный язык, обучение, метод, профессия, военный, личность, образование, творчество.

S. K. Kasymova

Malik Gabdullin Civil Protection Academy Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan

METHODS AND FEATURES OF APPLICATION MILITARY APHORISMS IN THE TEACHING OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. This article describes the methods and features of the use of military aphorisms in teaching the Kazakh language in special military universities. The principles of the development of the theory of teaching, including the methodological foundations of the methodology of the Kazakh language, are closely related to the life of society. As our society progresses, the content is updated and the methods and processes of training are improved. Therefore, depending on the abilities of each student, a big turn should be made to master the updated pedagogical technology that provides training, educating his independence, curiosity, creativity. After all, the organization of the educational process at the level of the state educational standard obliges to introduce new pedagogical technologies. Education is divided into general, professional, technical, and special. And a profession is a choice of a profession, mastering a profession. To get an education and become a business owner, you need a business. Business comes from training, knowledge, profession, experience, search, independent work, activity, skills. To be enterprising, it is necessary to master the action. An action consists of an action, an operation, a movement. After the entire process is completed, the result indicator appears. The source of the formation of national education and self-awareness among future officers, of course, is the view of the great, winged, proverbs of the great sages of different eras, that is, military aphorisms.

Keywords: state language, training, method, profession, military, personality, education, creativity.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors

Сандугаш Кенжебекқызы Қасымова – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының профессоры. Қазақстан, Көкшетау, Ақан Сері көшесі, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Қасымова Сандугаш Кенжибековна – кандидат филологических наук, профессор кафедрa социально-гуманитарных наук, языковой и психологических дисциплин Академии гражданской защиты имени Малика Ғабдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана-серэ, 136. E-mail: merei_72@mail.ru

Kasymova Sandugash - Candidate of Philology, Professor of the Department of Social and Humanitarian Sciences, Language and Psychological Disciplines of the Malik Gabdullin Academy of Civil Defense of the Ministry of Emergency Situations of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, st. Akana-sere, 136. E-mail: merei_72@mail.ru